

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі

**Мектеп психологінің 2022-2023 оқу жылы бойынша
психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы туралы есебі**

Жем қаласының №5 ЖББО мектебінде 2022-2023 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Оқу жылының басында әр сынып жетекшісімен бірлесе отырып, әр ата-анадан психологиялық сүйемелдеуге келісім алынды. Оқушылардың жеке папкалары реттеліп, жинақталды.

Жаңадан келген оқушылар электронды журналға тіркеліп, кеткен оқушылар мен түлектер журналдан шығарылды. Жоспар бойынша жұмыстар электронды журналға салынып, хаттамалары тіркелді.

Жылдық жоспарға жыл бойы 5 бағыт бойынша төмендегідей жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

№	Жалпы оқушы саны	Мектепшілік есепте тұрған оқушы	Діни бағытты ұстанатын оқушы	Келсеңіз отбасы	Инклюзив (мүгедек)	Дарынды оқушылар	Аудандық есепте тұрған оқушы
1	195	-	-	1	2	65	-

6 қыркүйек күні 5а, 5б, 10 сынып оқушыларынан «Мектептік мотивация әдістемесі» алынып, қорытындысы шығарылды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына деген қарым-қатынасын, бейімделуін анықтау

Әдістеме қорытындысы бойынша

10сынып жоғары –25% жақсы – 50% орташа-25%

5а сынып жоғары –62% жақсы – 30% орташа-8%

5б сынып жоғары –17% жақсы – 58% орташа-25%

Бейімделуінде төмен деңгейді көрсеткен оқушы анықталған жоқ.

6қыркүйек күні 5а, 5б сынып оқушылары үшін мектепке қарым қатынасын анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Нәтижесінде:

5а сынып бойынша

Мұғалімнен алыста позициясы- 0 %

Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болуы – 46 %

Мұғаліммен бірге – 31%

Ойын позициясы- 23%

5б сынып бойынша

Мұғалімнен алыста позициясы- 25 %

Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болуы – 67 %

Мұғаліммен бірге – 8%

Ойын позициясы- 0 %

7қыркүйек күні 1сынып оқушыларынан «Керн-Иерасик» әдістемесі алынды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке дайындық деңгейін анықтау. Әдістеме қорытындысы бойынша жоғары – 63% орташа – 33% төмен - 4% анықталды. Төмен деңгейді көрсеткен оқушының ата-анасы мен сынып жетекшісіне ұсыныстар берілді.

Оқушылардың мектепке қарым қатынасын анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Нәтижесінде:

Мұғалімнен алыста позициясы-21%

Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болуы -12%

Мұғаліммен бірге – 46%

Ойын позициясы- 21%

1 сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі алынып, нәтижесі төмендегі деңгейде шығарылды.

жоғары – 67%

орташа – 33%

төмен - 0%

8 қыркүйек күні 5а, 5б сынып оқушыларымен «Із кесуші» ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: қатысушылардың өмір сүру кеңістігін олардың өміріне жаңа қосымша мағыналар, сенсорлық түстер, мәдени мағыналар енгізу арқылы кеңейту.

Міндеттері: 1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту. 2. Балалар ұжымын біріктіру. 3. Жалпы эмоционалды жағымды фонды қалыптастыру. 4. Мектеп туралы идеялар мен білімді дамыту.



8 қыркүйек күні 5-11 сынып қыз балалары үшін ДТДЖО А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисеновамен бірлесе отырып, «Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: Қазіргі кездегі балалар және үлкендердің де отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу. Халықтың арасында құқықты түсіндіру. Кездесу барысында қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі отбасындағы, қоғамдағы, мектептегі зорлық-зомбылық мәселесі туралы айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін әр қыз бала көшеде өзін-өзі ұстап, сақтанып жүруі, бөгде адамдарға жақындамау, бөгде адамдардың көліктеріне мінбеу, әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтіні, зорлық-зомбылықтың түрлері туралы айтылды.

Сонымен қатар оқушылар «бақытты бала деген кім?», «зорлық-зомбылықсыз балалық шақ дегенді қалай түсінесін?», «қаталдық көрсетудің себебі неде?» деген сұрақтарға өздерінің ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.



14-15 қыркүйек күндері 6-11 сынып оқушыларынан «Басса Дарки» сауалнамасы алынды. Мақсаты: Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Сауалнама нәтижесі бойынша агрессияға, қастандыққа жақын оқушылар оқушылар анықталған жоқ. Оқушылардың деңгейі қалыпты.

19 қыркүйек күні 5а, 5б, 6 сынып оқушылары үшін «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту; Бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту;

Қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту;
 Әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыры білу қабілеттерін қалыптастыру; Әлеуметтік
 қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту.



20қыркүйек күні 7 сынып оқушылары үшін «Пікірталас-жанжал емес» тренингі өткізілді.
 Мақсаты: жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті)
 амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлықзомбылықсыз өзара
 сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану.



21 қыркүйек күні 8-9сынып оқушылары үшін «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг
 сабақ өткізілді.

Мақсаты: - өз-өзін ұстай білуге үйрету; басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен
 өзгенін қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.



22қыркүйек күні 10-11 сынып оқушылары үшін «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»
 тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру
 Оқушылар тренингке белсене қатысып, қызығушылық танытты.



26-27қыркүйек күндері 5-11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

Мақсаты: оқушылардың өз құқықтары туралы білімдерін тексеру.

28қыркүйек күні 1 сынып ата-аналары үшін «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне көмектесу, қолдау көрсету. Ата-ана – бала-мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту.



29қыркүйек күні мұғалімдер үшін «Мұғалім -мектеп жүргісі» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

Мақсаты: 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне көмектесу, қолдау көрсету. Мұғалім мен оқушы арасында жағымды ахуал қалыптастыру, мұғалімдердің көңіл күйін көтеру, қарым-қатынастарын нығайту.



30 қыркүйек күні 2-11 сынып оқушылары арасынан дарынды оқушыларды анықтау мақсатында мұғалімдермен сауалнама жүргізілді.

Нәтижесінде 65 дарынды оқушы анықталды.

5қазан күні 1-11 сынып оқушылары арасынан «Ерекше назарды қажет ететін оқушыларды анықтау» мақсатында «тәуекел тобын анықтау критерийлері таблицасы» толтырылды.

Нәтижесінде

Физиологиялық топ бойынша -2;

Әлеуметтік -35;

Оқу-педагогикалық-3;

Қылықтық критериясы-0;

Барлығы: 40 оқушы анықталды.

10қазан күні 6-7 сынып оқушыларынан «Зунг шкаласы» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: оқушылардың бойындағы депрессия деңгейін анықтау

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар арасында невротикалық генездік сипаттағы жеңіл депрессиялық күй, субдепрессиялық немесе бүркелген депрессиялық күй, нағыз депрессиялық күй көрсеткен оқушылар анықталған жоқ.

11 қазан күні инклюзив оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, олардың мінез-құлқындағы ауытқушылықты, өзгерістерді анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, қорытындысы шығарылды.

17 қазан күні 8-11 сынып оқушыларынан «DASS» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету

Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша оқушылардың бойында депрессия (суншідке бейімділік), үрей, күйзеліс анықталған жоқ.

19 қазан күні мұғалімдер үшін «Конструктивті адам суреті» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды.

1 тип – көшбасшы-7

- II тип – жауапты орындаушы-6
- III тип – мазасыз және күдікті-5
- IV тип – ғалым-5 мұғалім
- V түрі – интуитивті-3
- VII түрі – эмоциялық-2



22 қазан күні 6-7сынып оқушылары үшін «Калейдоскоп» ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, білімге құштарлығын арттыру, олардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту.



26 қазан күні ІІ сынып оқушыларының стреске төзімділігін анықтау мақсатында «Стреске төзімділікті анықтау» тесті жүргізілді. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі стреске бейімділік анықталған жоқ.

Оқушыларға ҰБТ-ға дайындалуға көмектесу, бағыт-бағдар беру, оларға қолдау көрсету. Өзін-тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті, мазасыздықты жеңуге көмектесу мақсатында «ҰБТ-ға қалай дайындалуға болады?» тақырыбында тренинг сабақ жүргізіліп, кеңестер берілді.



10 қараша күні 8-ІІ сынып оқушыларымен «Тимбилдинг» ойын-тренингі жүргізілді. Мақсаты: біртұтас команда моделін қалыптастыру, топта жағымды әлеуметтік-психологиялық климат қуру.



14-15 қараша күндері 5-11 сынып оқушыларынан қоғамдағы зорлық-зомбылықтың, келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. Сауалнама қорытындысы бойынша зорлық-зомбылыққа тап болған, ата-анасынан, ортадан, мектептен зорлық-зомбылық көрген оқушылар анықталған жоқ.

16 қараша күні 5-7 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз - мектеп, қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Келенсіз жағдайлардың алдын алу.



17 қараша күні педагог кадрлар үшін «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?» тақырыбында тренинг өткізіліп, кеңестер берілді.

Мақсаты: жас мамандардың әлеуметтік – психологиялық тұрғыда табысты бейімделуіне үлес қосу.

Міндеті:

- Эмоционалдық қарым – қатынасты тез және нақты орнатуға көмектесу;
- Ұстаздар тобындағы әріптестікті атмосфераға құруға, адамдарға сенуге;
- Өз-өзіне сенімділікті қалыптастыруға, ұжымдық шешімге кіруге көмектесу.



21 қараша күні 2-3 сынып оқушылары үшін «Мейірімді жүректер» тренингі өткізілді.

Мақсаты: оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

22 қараша күні оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту мақсатында 4 сынып оқушылары үшін «Достық қымбат өмірде» тақырыбында тренинг өткізілді.



22 қараша күні 8-11 сынып оқушылары үшін «Өмірді бағала» тақырыбында тренинг – кеңес өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын диагностикалау. Өмірдің құндылығымен маңызын түсіндіру. Өмірдің қиындықтарына төзе білу, бастан өткеру, психологиялық қолдау көрсету.

Сабақ барысында оқушыларға өмірдің мәні, өмірдегі түрлі қиындықтарды және білу, алдыға қарай ұмтылу, өз өмірін бағалау, аялау керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

23 қараша күні Ісынып оқушыларымен «Мен және менің ортам» тренингі жүргізілді. Мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.



24 қараша күні қолайсыз отбасы ата-аналары үшін «Жасөспірімдердің құқықбұзушылыққа апаратын себептері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге мектеп директоры А.А.Жақасов, ДТГЖО А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, сынып жетекшісі Б.І.Мухамбедиярова, учаскелік инспектор Р.Ермекова қатысты.

Кездесу барысында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың себептері жөнінде айтылды.

Ата-аналарға келенсіз жағдайлардың алдын алу, баланың болашағын ойлау, қауіп-қатерден сақтану жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жағымсыз киікшіңдерге түсіп қалмауының, агрессияға бейімділіктің, зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде кеңестер берілді.



28 қараша күні 10-11 сынып оқушылары үшін «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру және қорқыныш сезімдерін жою. Өзіндік бағалауын қалыптастыру.

29 қараша күні ерекше назарды қажет ететін оқушылар «Өмірдегі мақсатым» тақырыбында эссе жазды.

Мақсаты: оқушылардың өмірге деген көзқарасын анықтау, өмірде өз орындарын табуына бағыт-бағдар беру.

Оқушылар эсседе өздерінің өмірді сүйетінін, өмірдің маңыздылығын, өмірде қателессе де, қиындыққа тап болса да мойымау керектігін көрсетті. Сонымен қатар өмірде өз орындарын тауып, жақсы мамандық иесі болатынын, арман-тілектерін жазып шықты.



30 қараша күні 8-11 сынып ата-аналары үшін «Сауатты ата-ана бала құқығының қорғалуының кепілдемесі» тақырыбында жиыныс өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Жиыналысқа ДТДЖО А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, сынып жетекшілер, учаскелік полиция майоры Қ.Е.Сакенов және ата-аналар қатысты.

Жиыналыс барысында ата-аналарға бала құқығының қорғалуы, құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың себептері және қылмыс белгілері, түрлері таныстырылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 желтоқсан күні 4 сынып оқушыларының отбасында өтін психологиялық сезінуін диагностикалау мақсатында «Бөтелкедегі қозы» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды. Әдістеме қорытындысы бойынша бала мен ата-ана сезімі бірқалыпты, отбасында өздерін жайлы сезінеді.

5 желтоқсан күні 4 сынып оқушыларынан баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды.

5-8 желтоқсан аралығында білім алушылардың психо-эмоционалды салауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалау мақсатында «Бақытты бала-отбасы айнасы» тақырыбында психологиялық акция ұйымдастырылды.

5-7 сынып оқушылары үшін «Жанұям қорғаным, ата-анам тірегім!» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Сабақ барысында оқушыларға видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар «Менің жанұям», «Мен бақытты баламын» тақырыптарында суреттер салып, өз отбастары туралы әңгімелеп берді. Сонымен қатар оқушылардың көңіл-күйін көтеру, ұжымда сыйластыққа, татулыққа үйрету мақсатында «Бос орындық», «Жіп бойымен», «Мен де барамын», «Мақсатқа жету» ойындары жүргізілді.

8-11 сынып оқушылары үшін «Отбасы-өмірдің мәні» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында оқушылар отбасы құндылығы, өмірдің мәні туралы ой-пікірлерімен бөлісіп, сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар оқушылардың болашағына бағыт-бағдар беру, өмірде өз орындарын табуға көмектесу, сенімділіктерін арттыру мақсатында «Кім шапшаң?», «Мен саған сенемін», «Біз біргеміз», «Шеңбер бойымен секіру», «Караоке», «Доптар» ойын-жаттығулары жүргізілді.



7 желтоқсан күні 8-11 сынып оқушылары үшін «Менің қолымнан бәрі де келеді» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: аудандық олимпиадаға баратын оқушылардың сенімділігін арттыру, бойындағы қорқынышты жою, өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру. Түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу. Бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру. Өзіндік бағаны жоғарылату.



8 желтоқсан күні ата-аналар және педагог кадрлар үшін «Бақыт мекені» тақырыбында коуч-сессия ұйымдастырылды.

Мақсаты: Отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Коуч-сессия барысында топтық жұмыстар жүргізіліп, отбасы, бала тәрбиесі туралы пікірлері тыңдалды. 1 топ ата-аналары «Пияз» әңгімесі негізінде пияздың суретін салып, оның сабақтарына бала тәрбиесіне қажетті сөздерді жазды. 2 топ ата-аналары жұмсақ ыдыстардан, 3-ші топ қарақұмықтан «Менің отбасым» тақырыбында отбасылық суреттер мен өз үйлерін тұрғызды. Ал 4-ші топ ата-аналары сурет қиындыларынан отбасылық суреттер құрастырды.

Сонымен қатар ата-аналармен бірге «Құбыр», «Келергілерден өту», «Өз саныңды тап», «Әріптер сөйлейді» тренингтері өткізілді. Ата-аналар тренингтерге белсене қатысты.



12 желтоқсан күні 2сынып оқушыларынан «Үйшік», «Моншақ» әдістемелері алынып, қорытындысы шығарылды.

Зерттеудің мақсаты: Баланың зейін еріктілігінің дамуын анықтау. Зейін еріктілігінің даму дәрежесіне, кеңістікті қабылдауының қалыптасуына көмек жасау. Баланың оқу әрекетінде есту арқылы шарттарды қаншалықты дұрыс қабылдаған мүмкіндіктерін табу. Әдістеме қорытындысы бойынша төмен деңгейдегі оқушылар анықталған жоқ.

13 желтоқсан күні 9сынып оқушыларынан Тақырыбы: «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» алынып, оқушылардың қандай мамандыққа бейімділігі жөнінде қорытындысы шығарылды.

14 желтоқсан күні бірлескен жоспарға сәйкес 7-11сынып оқушылары «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» тақырыбында эссе жазды.

Оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне кеңестер берілді.

19 желтоқсан күні бірлескен жоспарға сәйкес 9-11сынып оқушылары «Менің өмірімдегі ғаламтор» тақырыбында жоба дайындап қорғады.

Мақсаты: бүкіләлемдік өрмек – Ғаламторға байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру, шығармашылыққа баулу. Оқушыларды өз ойларын тиынақты жете айта білуге, өздерін сабырлы әрі тәртіпті болуға, басқаны тыңдай білуге тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар «Компьютерге тәуелді болу белгілері», «Балаларды ғаламтордан қорғаудың түрлі жолдары», «Ғаламтордың денсаулыққа зияны», «Ғаламтор және денсаулық» тақырыптарында жоба қорғады.

20 желтоқсан күні 8,11 сынып оқушылары үшін (ерекше назардағы оқушылар) «Сенімді дос» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Достықтың адам өміріндегі өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру арқылы, оқушылардың достық қасиеттерін ұштау, өмірден адал да, шыншыл дос таба білуге баулу.



22 желтоқсан күні бірлескен жоспарға сәйкес 6-11 сынып оқушылары үшін «Өз құқығымыз-өз мүддеміз» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Кездесуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, инспектор С.Сағатбекұлы, әкелер клубының жетекшісі А.У.Утаралинов, ер балалар клубының жетекшісі Е.Р.Тұрақ және сынып жетекшілер қатысты.

26 желтоқсан күні бірлескен жоспарға сәйкес 8-11 сынып оқушылары үшін «Жыныстық жолмен берілетін инфекцияның алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: ерте жыныстық қатынас пен жүктіліктің алдын алудың жолдары және оның қауіпі туралы ақпараттандыру.

Кездесуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, қыздар клубының жетекшісі Ж.К.Куздибаева, медбике О.А.Калиева қатысты.

Кездесу барысында мектеп дәрігерімен ашық әңгіме жүргізілді. Қыздар пікірлерін айтып, сұрақтар қойды, талқылауға белсене қатысты.

11 сынып оқушыларының өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, бұлшықеттерін босансыту мақсатында «Мазасыздықтан қалай құтылуға болады?» тренингі өткізіліп, ҰБТ-ға дайындалудың жолдары жөнінде кеңестер берілді.



28 желтоқсан күні ата-аналар үшін «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында жадынама таратылды.

Мақсаты: балаларға қатыгездікпен қарау мәселесі бойынша ата-аналарды ақпараттандыру және жәбірлеуді болдыртпайтын және оның алдын алуда ата-ананың міндетін түсіндіру.

Жадынама барысында:

1. Күш көрсету зорлық - зомбылығының белгілері;
2. Күш көрсету зорлық – зомбылығынан кейін балалардың мінез – құлығындағы байқалатын өзгерістер;
3. Психологиялық зорлық – зомбылық кезінде баланың мінез – құлығында кездесетін келеңсіздіктер;
4. Эмоционалды және сөзбен қорлау туралы түсінік пен кеңестер берілді.

29 желтоқсан күні сынып жетекшілер үшін «Ата-аналармен жұмыс барысында жанжалды жағдайларды қалай шешуге болады?» тақырыбында кеңес беріліп, жадынама таратылды.

Мақсаты: мұғалім мен ата-ана арасындағы қақтығыстарды шешудің жолдарын көрсету, оны шешу

29 желтоқсан күні ата-аналардан ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

Сауалнама қорытындысы төмендегідей нәтижені көрсетті:

1. Бала тәрбиесі - сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз-0%
2. Балаға қамқорлық жасау - бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершіліктен ойлану керек-45%
3. Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз -55%

9 қаңтар күні 1-4 сынып оқушыларымен «Мен және менің ортам» тренингі өткізілді.

Мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін - өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып,

дұрыс қарым - қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мені» концепциясын қалыптастыру. Жаңа заман талабына жеке тұлғаны дамыту, тапымдық ауқымын кеңейту, балалардың шығармашылығын дамыту, белсенділігін, іскерлігін арттыру.



10 қаңтар күні 7-8 сынып оқушылары үшін «Өмір, қымбатсың маған» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: 1. Өмір адам баласына бір – ақ рет берілетін өте сый екенін түсінуге ықпал ету.

2. Жақсы қасиеттерге үйретіп, жаман қасиеттен жиренту арқылы адамгершілік сезімдерін дамыту.

3. Оқушының өздерін жан – жақты тереңірек ашуына бағыт – бағдар беру, оқушы көзқарасын қалыптастыру.



11 қаңтар күні 5-11 сынып оқушылары «Менің өмірлік мақсатым» тақырыбында эссе жазды.

Мақсаты: 1. Өмір адам баласына бір – ақ рет берілетін өте сый екенін түсінуге ықпал ету.

3. Оқушының өздерін жан – жақты тереңірек ашуына бағыт – бағдар беру, оқушы көзқарасын

2. Жақсы қасиеттерге үйретіп, жаман қасиеттен жиренту арқылы адамгершілік сезімдерін дамыту. қалыптастыру.



12 қаңтар күні 11 сынып оқушылары үшін «ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: ҰБТ - ге дайындау кезінде оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылауын, стреске қарсы тұру қабілетін дамыту, көңіл-күйін көтеру.

Оқушыларға кеңес беру барысында:

-Табысқа жету сырлары;

-Мақсат қою ережесі;

-сенімділікті қайтару жөнінде кеңестер берілді.



16 қаңтар күні 8,11 сынып оқушылары үшін (ерекше назар) «Менің мықты тұстарым» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.



17 қаңтар күні бірлескен жоспарға сәйкес 8-11 сынып оқушылары үшін «Шаш күтімі. Шаш өсіру қазақ қызына тән» тақырыбында шебер класс өткізілді.

Мақсаты: Ең шашы ұзын қызды анықтау. Қазақ қызына тән мінез-құлықты дәріптеу. Салт-дәстүрімізді білу, құрметпен қарау. Эстетикалық тәрбие беру. Шығармашылық-іскерлігін арттыру. Жарнама, фото жанрында талғампаздық, қиялын дамыту, іске асыра білу, жұмысын көрсете білу. Сахнада өзін ұстау, мәдениетті сөйлеу, өз ойын жеткізіп айта алу.

Шебер-класс барысында алдымен оқушыларға «шаш күтімі оны тарау, өсіру, өрудің түрлері» туралы ақпараттар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



18 қаңтар күні 11 сынып оқушылары үшін «Менің қолымнан бәрі де келеді» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: мектеп түлектерінің ҰБТ-ға дайындықтарын тексере отырып, қорқыныш пен іштей жинаған сезімдерінен құтылуға, адал болуға психологиялық көмек көрсете отырып, бойларына сенімділік ұялату.

Барысы:

1. 1-жаттығу «Талдау»
2. «Түлектердің стреске жақындығын айқындау»
3. «Менің жаңа өмірім»
4. Бейнебаян «Барлығы өзіңе байланысты»
5. «Су патшалығы»
6. «Алтын балық»



19 қаңтар күні 7-8 сынып оқушылары үшін «Кәусар бұлақ тұнығынан» тақырыбында пікірталас өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге, тарихи құндылықтарға деген ойларын қозғау. Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту.

Барысы:

- 1 кезек: «Белес»



25 қаңтар күні жетекші басшылар үшін «Сіздің басқару стиліңіз қандай?» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

Мақсаты: зерттелінушінің өзгелерді басқаруға икемділігін анықтау.

Педагог кадрларлардан «Жетекші басшыларға қандай баға бересіз?» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: мектеп мұғалімдері мен басшылардың арасындағы қарым-қатынасты анықтау. Мектептің жұмысын жақсартып, деңгейін көтеруге, мектеп ұжымының білікті, әрі сапалы қызмет атқаруына ықпал ету.

26 қаңтар күні бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары үшін бірлескен жоспарға сәйкес семинар-тренинг өткізілді.

Семинар-тренинг басында директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а Гулжанат Болатқызы сөз алып, бала тәрбиесі, балаларды тәрбиелеудегі олқылықтар, қиындықтар, оны шешу жолдары туралы айтып өтті. Әлеуметтік педагог қамқоршылықтағы балалардың ата-аналарына қолдау көрсету мақсатында ата-аналарға жылы лебіздерін білдіріп, сыйлықтар ұсынды. Мектеп психологі ата-аналардың көңіл-күйін көтеру, қолдау көрсету мақсатында тренингтер жүргізіп, кеңестер берді. Семинар-тренинг соңында «Соңғы сөзді маған қалдыр» әдісі бойынша өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді.

30 қаңтар күні 1-11 сыныптар үшін бірлескен жоспарға сәйкес «Жанұяда зорлық-зомбылыққа жоқ дейміз!», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін түсіндіру. Адамның құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы пікір алмасу, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал ету.

31 қаңтар күні 11 сынып оқушылары мен ата-аналары үшін «Баланың болашақтағы мамандығы жайлы ойландыңыз ба?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Мамандық " құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. Міндеттері: • - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту. - Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу. - Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел барысында оқушыларға «Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс, мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек екендігі, ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт екендігі түсіндіріліп, мамандықтар туралы ақпараттар берілді.



1 ақпан күні 11-сынып оқушылары үшін «Мамандық-болашағымның айнасы» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг барысында мамандыққа байланысты түрлі ойын-жаттығулар жүргізіліп, оқушыларға мамандықтың түрлерімен танысуға мүмкіндік берілді.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынталық-ықыласын арттыру.



2 ақпан күні 5-бсынып оқушылармен «Оқушылардың ой-өрісін дамыту жаттығулары» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг барысында «Фигураларды есте сақтау», «Дыбыстық жаттығу», «Ауа, жер, су», «Корректорлық байқау», «Рұқсат етілмейтін түстер», «Алақан шанақтау», «Рұқсат етілмейтін қимыл», «Көзбен сана» жаттығулары жүргізілді.



6-7 ақпан күндері 7-11 сынып оқушыларынан қоғамдағы зорлық-зомбылықтың, келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылық туралы не білесіз?» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушыларға зорлық-зомбылықтан сақтанудың жолдары, өзін-өзі қорғау, басқа жағдайлар болып жатса ескерту, дұрыс шешім қабылдау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. Сонымен қатар мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынас барысында сыйластық орнату, ар-намысына тиюге болмайтыны ескертілді.

8 ақпан күні 8-10 сынып оқушылары үшін «Ұрпақ тәрбиесі- ұлт болашағы» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесу барысында оқушыларға төмендегідей түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

- Электронды темекінің зияны;
- Нашакорлық және есірткі пайдалану;
- Алкогольді ішімдіктердің адам өміріне зияны.

Сабақ барысында оқушылар өздерінің сұрақтарын қойып, берілген сұрақтарға жауап берді.



9 ақпан күні 8-10 сынып оқушылары үшін «Отбасылық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық – зомбылық адам ағзасына

тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.



13 ақпан күні 2 сынып оқушылары арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту мақсатында «Достық қымбат өмірде» тренингі өткізілді.



14-15 ақпан күндері 6-8 сынып оқушыларына «Жеткіншектік кезеңдегі агрессивті мінез-құлықты жеңу және төмендету» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: агрессивтілік деңгейін төмендету, өзінің мінез-құлқын ырықты басқаруға қабілеті мен мүмкіндіктерін қалыптастыру.



16 ақпан күні 11 сынып оқушылар үшін өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету мақсатында «Өз мүмкіндігіңді жіберіп алма» тренинг сабағы өткізілді. ҰБТ алдындағы қорқынышты, жеңу, стреске берілмеу жөнінде кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



20 ақпан күні «Ісынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау» үшін әдістемелер алынып, қорытындысы шығарылды. Әдістемелер қорытындысы бойынша 14 оқушы жоғары, 10 оқушы орташа деңгейді көрсетті. Төмен деңгейдегі оқушы анықталған жоқ.

21 ақпан күні 3-4 сынып оқушылары үшін «Қарым-қатынасты нығайтуға арналған тренингтер» өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, топта, ұжымда өзін еркін ұстауға үйрету, ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу



22 ақпан күні ерекше назарды қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету, болашағына бағыт-бағдар беру мақсатында ата-аналарына жиналыс барысында кеңестер берілді. Оқушылардың отбасы жағдайлары жақсы. Ата-ана тарапынан үнемі қолдау көрсетіледі. Балаға қолайлы жағдай жасалған.

23 ақпан күні 5-6 сынып оқушылары үшін «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Өтпелі кезеңдегі тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, кездесетін психологиялық сәтсіздіктерін болдырмау, оқушыларды ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу



27 ақпан күні 7 сынып оқушыларына «Толеранттылық (төзімділік) дегеніміз не?» тренинг сабағы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың (сыныптың) ұйымшылдығын арттыру, сынып ішінде сенімді қалыптастыруға, балалар арасында өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.



28 ақпан күні педагог кадрлар үшін «Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: біртұтас команда моделін қалыптастыру, топта жағымды әлеуметтік -психологиялық климат құру.

1 наурыз күні педагог кадрлар үшін «Суицидалды тәртіп кезіндегі белгілер» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: мектеп педагогтарына жасөспірімдік шақтағы суицид мәселесі туралы ақпарат беру.

Жасөспірімдік шақтағы суицид туралы түсінікті, оның түрлерін, себебін, қалыптастыру.

Сабақтың барысында суицидтік мінез - құлықтың психологиялық ерекшеліктері, суицидтің түрлері мен белгілері, суицидтік жағдайды алдын алу шаралары туралы айтылды.



2 наурыз күні ІІ сынып оқушыларының бірінғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңіне қажетті оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын, сенімділігін арттыру мақсатында «Сенім менің серігім» тренингі жүргізілді.



6 наурыз күні шектеулі жүйке-психикалық ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерді анықтау мақсатында 5-7 сынып оқушыларынан Гудман сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. Диагностика қорытындысы бойынша барлық оқушының нәтижесі қалыпты.

7 наурыз күндері 8-ІІ сынып оқушыларынан стресс, үрей, депрессия, маңасыздану деңгейін анықтау, келенсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету «Дасс» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша оқушылардың бойында депрессия (сұңқидіке бейімділік), үрей, күйзеліс анықталған жоқ.

9 наурыз күні 8-9 сынып оқушылары үшін «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Оқушыларға қиын жағдайлардан шыға алу, қиындыққа төзе білуге үйрету мақсатында «Аяқты байлап айналу», «Көз жұмып таба білу», «Сенімді адам» ойындары жүргізілді.



10 наурыз күні 10-ІІ сынып оқушылары үшін ашу-ызадан арылтуға көмектесу, агрессия кезінде өзін-өзі ұстай білуге үйрету мақсатында «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында тренинг сабақ ұйымдастырылды. Сабақ жоспары бойынша оқушыларға түрлі ойын-жаттығулар жүргізілді. Оқушыларға әр жаттығудан соң жаттығудың мақсаты, пайдасы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың пікірлері тыңдалды.



13 наурыз күні 7-9 сынып оқушылары үшін бірлескен жоспарға сәйкес «Балалардың желідегі қауіпсіздігі буллинг және кибербуллинг» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында оқушыларға буллинг, кибербуллинг жөнінде ақпараттар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Балалардың желідегі қауіпсіздігі буллинг және кибербуллинг

14 наурыз күні ІІ сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету, қорқыныш пен іштен қынаған сезімдерден арылту, адал болу, айналадағыларға топтық сенімді арттыру мақсатында психологиялық қолдау көрсетуге арналған жаттығулар жүргізілді.

Сонымен қатар сабақ барысында оқушыларға «Стресті жеңу үшін не істеу қажет» тақырыбында дәріс оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сабақ соңында «Біздің топтың жүрегі» жаттығуы арқылы плакатқа сурет салып, бір-біріне деген ыстық ықпалыстары мен жылы лебіздерін білдірді.



16 наурыз күні ата-аналар үшін бірлескен жоспарға сәйкес «Бала денсаулығы басты мақсат» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысында ата-аналарға 3 тоқсан бойынша оқушылардың білім сапасы, құқықбұзушылықтың, деструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі таныстырылды. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренингтер жүргізіп, келенсіз жағдайлардың алдын алу жөнінде кеңестер берілді.

27-28 наурыз күндері 4 сынып оқушыларынан «Э.Ф.Замбацянчече», Танымдық процестерін зерттеу» әдістемесі алынды.

Зерттеу қорытындысы бойынша боқушы жоғары, 7оқушы жақсы, 5оқушы орташа деңгейді көрсетті. Төмен деңгейдегі оқушы анықталған жоқ.

29 наурыз күні аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша педагогикалық кеңесте «Кәсіби-эмоциялық құлдырау синдромының алдын алу» тақырыбында кеңестер беріліп, «Деструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі берілді.

3 сәуір күні ІІ сынып оқушыларының стресске бейімділігін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша оқушылардың бойында жоғары деңгейдегі стресске бейімділік, күйзеліс анықталған жоқ.

4 сәуір күні 7-9сынып оқушылары үшін «Өз мүмкіндігіңді жіберіп алма» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: : оқушылардың мінез - құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін; өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын оқытуын, сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.



6 сәуір күні ІІ сынып ата-аналары үшін «Үйт-болашаққа қадам» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ата - аналар арасында бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыру; ата - аналардың міндеттерін ұстануды қалыптастыру.



10-11 сәуір күндері 8,11 сынып (ерекше назар) оқушылары үшін «Өмір ағашы» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттермен әрбір жақсы істердің шалағаты туралы түсінік беру. Жақсылықты сезін бағалай білуге үйрету.



12 сәуір күні 11 сынып оқушылары үшін «Емтихан алдындағы қорқынышты жою» тренингі жүргізілді.

Мақсаты: 1. Үрейлену мен стрессті жою тәсілдерінен ақпараттандыру.

2. Оқушылардың мазасыздық деңгейлерін түсіру, қобалжу деңгейлерін орнына келтіру.

3. Өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Сонымен қатар «Емтихандық стресстердің алдын-алу жолдары» тақырыбында кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



17-18 сәуір күндері 5-7 сынып оқушылары үшін өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында «Мен және менің ортам» тренингі өткізілді.



20 сәуір күні 7-9 сынып оқушылары үшін «Достық және махаббат» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: жасөспірім кездегі достық туралы пікірталастыру. Жауапкершілікпен шешім қабылдауды қалыптастыру.



24 сәуір күні 3-5 сынып оқушыларынан «Өмірде жок жануар» проективті әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды.

Мақсаты: тұлғаның эмоционалды ерекшеліктерін, агрессивтілігін, қарым-қатынас саласын диагностикалау.

26 сәуір күні 11 сынып оқушылары үшін «ҰБТ-ға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: ұлттық бірінгі тестілеуге дайындық кезеңіндегі іс-әрекет стратегияларымен тактикаларына жаттығу; өзін бақылау, өз-өзін бағыттау дағдыларына үйрету; өз күшіне сенімін арттыру, сенімін күшейту.



27 сәуір күні ДТДЖО м.а Г.Б.Босназарова, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенованың ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары үшін зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірлескен жоспарға сәйкес «Менің ең қызықты демалыс күнім» тақырыбында саяхат ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың демалыс күнін тиімді ұйымдастыру, көңіл-күйлерін көтеру, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайту.

2-3 мамыр күндері «Мектепке оқуға психологиялық тұрғыда дайындықты зерттеу» мақсатында мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылар мектепке дайын. Сөйлеуінде қыыншылығы бар тәрбиеленушілердің ата-аналарына кеңестер берілді.

4 мамыр күні 1-4 сынып оқушылары үшін «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты:

1. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру.
2. Ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орната білуге үйрету.
3. Оқушыларға зардап шеккен жағдайда психологиялық тұрғыдан күресе білуге тәрбиелеу.



8 мамыр күні 9-11 сынып оқушылары үшін «Дарынды оқушы-ұлт болашағы» тақырыбында сайыс сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың алған білімдерін саралап, жан-жақты толықтыру. Оқушылардың арасынан озық ойлы білім жүйірігін анықтау. Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу.

12 мамыр күні 11 сынып ата-аналары үшін «Балаңыз ҰБТ-ға дайын ба?» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: 11 сынып оқушыларының ата-аналарын ҰБТ алдындағы жүйке жүйесіне түсетін күшті жетудің қарапайым психологиялық әдістерімен таныстыру. Ата-аналардың педагогикалық білімдерін арттыру. Мұғалімдермен бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Кездесу барысында ата-аналар төмендегі сұрақтар бойынша пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті.

24 сәуір күні 3-5 сынып оқушыларынан «Өмірде жоқ жануар» проективті әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды.

Мақсаты: тұлғаның эмоционалды ерекшеліктерін, агрессивтілігін, қарым-қатынас саласын диагностикалау.

26 сәуір күні 11 сынып оқушылары үшін «ҰБТ-ға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық кезеңіндегі іс-әрекет стратегияларымен тактикаларына жаттығу; өзін бақылау, өз-өзін бағыттау дағдыларына үйрету; өз күшіне сенімін арттыру, сенімін күшейту.



27 сәуір күні ДТДЖО м.а Г.Б.Босназарова, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенованың ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары үшін зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірлескен жоспарға сәйкес «Менің ең қызықты демалыс күнім» тақырыбында саяхат ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың демалыс күнін тиімді ұйымдастыру, көңіл-күйлерін көтеру, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайту.

2-3 мамыр күндері «Мектепке оқуға психологиялық тұрғыда дайындықты зерттеу» мақсатында мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылар мектепке дайын. Сөйлеуінде қыыншылығы бар тәрбиеленушілердің ата-аналарына кенестер берілді.

4 мамыр күні 1-4 сынып оқушылары үшін «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты:

1. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру.
2. Ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орната білуге үйрету.
3. Оқушыларға зардап шеккен жағдайда психологиялық тұрғыдан күресе білуге тәрбиелеу.



8 мамыр күні 9-11 сынып оқушылары үшін «Дарынды оқушы-ұлт болашағы» тақырыбында сайыс сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың алған білімдерін саралап, жан-жақты толықтыру. Оқушылардың арасынан озық ойлы білім жүйрігін анықтау. Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу.

12 мамыр күні 11 сынып ата-аналары үшін «Балаңыз ҰБТ-ға дайын ба?» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: 11 сынып оқушыларының ата-аналарын ҰБТ алдындағы жүйке жүйесіне түсетін күшті жеңудің қарапайым психологиялық әдістерімен таныстыру. Ата-аналардың педагогикалық білімдерін арттыру. Мұғалімдермен бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Кездесу барысында ата-аналар төмендегі сұрақтар бойынша пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті.

15-16 мамыр күндері 7-9 сынып оқушыларының қол-саусақ моторикасын дамыту мақсатында «Психомоториканы дамыту жұмыстары» жаттығулары жүргізілді.

18 мамыр күні педагог кадрлар үшін «Менің жетістіктерім» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, стрестен арылту, ұжымда сыйластық, достық, ынтымақтастық қарым-қатынас орнату.



17 мамыр күндері Жем қаласының № 5 жалпы білім беретін орта мектебінің 5-8 сынып оқушылары үшін «Пикник» акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдерге жағымды көңіл-күй сыйлау арқылы, шамадан тыс агрессиядан арылуга көмектесу. Ұжыммен қарым-қатынасын нығайту, өзара достық қарым-қатынасты орнатуда психологиялық қолдау көрсету.



22 мамыр күні 11 сынып оқушылары үшін «Мен өзіме сенемін» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасау. Сонымен қатар ҰБТ - ны тапсыру кезінде барынша толық өз мүмкіндігін іске асыру. Біздің қолдауды қажет ететін оқушыларды табу: үздіктер және ҰБТ - ға дайындық кезінде белгілі бір қиындықта, түлектерге жағымды психозмоционалды күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру.



23 мамыр күні Жем қаласының № 5 жалпы білім беретін орта мектебінің 7-9 сынып оқушылары үшін «Буллинг пен кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.

25 мамыр күні 8,11 сынып оқушылары үшін (ерекше назардағы оқушылар) «Жаныңда жүр жақсы адамы» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг сабақ «Жылулық сезіну»

жаттығуымен басталды. Тренингке қатысушы оқушылар шеңбер құрып, жұмсақ ойыншықты жылақты арқылы көршісіне жылы лебіз, тілек, алғысын білдірді.



26 мамыр күні 11 сынып оқушыларының болашаққа деген талпынысын бағдарлау мақсатында тренинг өткізілді.

«Келіңіз, көңіл сергісін!» жаттығуы бойынша барлық оқушы ортаға шығып, шеңбер құрып, оқушылар бір-біріне жігерлендіретін, қуантатын ізгі тілектер, комплименттер айтты. Олар бір-біріне қолдау көрсетіп, болашақтарына, алдағы ҰБТ-ға тілектерін, жылы лебіздерін білдірді.


Жалпы жүргізілген жұмыстар саны: 232

Диагностикалық жұмыстар -77;

Түзету-дамыту жұмыстары-52;

Кенес беру-67;

Профилактикалық жұмыстар-36



Психолог кабинеті бар. Бірақ арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген жоқ.



2022-2023 оқу жылында жоспар бойынша және жоспардан тыс жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, электронды журналға тіркелді.



А.А.Жақасов
Э.Н.Кудайбергенова